

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы  
өткізілетіні туралы хабарлама**

Құрметті ханымдар мен мырзалар,

Осы арқылы "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Биржа) (атқарушы органы – Биржа Басқармасы Қазақстан Республикасы, А15G7M6, Алматы қ., Байзақов көшесі, 280, "Almaty Towers" көпфункционалды кешенінің Солтүстік мұнарасы, 8-қабат мекенжайы бойынша орналасқан) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы заңының (бұдан әрі – Заң) 35-бабының 1-тармағының, 37-бабының 1-тармағының, 3-тармағының 3) тармақшасының және 41-бабының негізінде Биржаның акционерлерін Директорлар кеңесінің бастамасы (2026 жылғы 23 сәуірдегі № 13 отырыс хаттамасы) бойынша шақырылатын Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы (бұдан әрі – акционерлердің жалпы жиналысы) өткізілетіні туралы хабарлар етеді.

Акционерлердің жалпы жиналысы **2026 жылғы 28 мамырда сағат 10.00-де** (Астана қ. уақыты бойынша) Алматы қ., Байзақов көшесі, 280, "Almaty Towers" көпфункционалды кешенінің Солтүстік мұнарасы, 8-қабат мекенжайында өтеді.

Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу 2026 жылғы 28 мамырда сағат 09.00-ден 09.45-ке дейін (Астана қ. уақыты бойынша) жиналыс өтетін жерде жүргізіледі.

Кворум болмаған жағдайда, Биржа акционерлерінің қайталама жалпы жиналысы 2026 жылғы 29 мамырда сағат 10.00-де (Астана қ. уақыты бойынша) сол мекенжайда өткізіледі. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу 2026 жылғы 29 мамырда сағат 09.00-ден 09.45-ке дейін (Астана қ. уақыты бойынша) акционерлердің жалпы жиналысы өтетін жерде жүргізіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі 2026 жылғы 14 мамырдағы сағат 00.00-дегі (Астана қ. уақыты бойынша) жай-күйі бойынша жасалды.

**Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының  
күн тәртібі**

1. "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы.
2. "Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың 2025 жылғы қызметі жөніндегі есепті қарау туралы.
3. "Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың 2025 жылғы орнықты даму жөніндегі есебін қарау туралы.
4. "Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың 2025 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы.
5. "Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың 2025 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, "Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және "Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың бір жай акциясына есептелетін дивиденд мөлшерін бекіту туралы.
6. "Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың 2026 жылғы жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу мақсатында аудиторлық ұйымды айқындау туралы.
7. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесі мүшелері мен Басқарма мүшелеріне 2025 жылы төленген сыйақының мөлшері мен құрамы туралы ақпаратты қарау туралы.
8. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесі мүшелеріне 2025 жыл үшін сыйақы төлеу туралы.
9. Биржа Жарғысына енгізілген № 9 өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы.
10. "Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың және оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне акционерлердің шағымдарын қарау және оларды қарау қорытындысы туралы."

Заңның 43-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен бірге иеленетін акционердің не Директорлар кеңесінің бастамасы бойынша

толықтырылуы мүмкін, бұл ретте қоғам акционерлері мұндай толықтыру туралы акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күннен кемінде он бес күн бұрын хабардар етілуге тиіс.

Заңның 44-бабының 4-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін Биржа Басқармасының орналасқан жері бойынша, сондай-ақ Биржаның корпоративтік веб-сайтында биржа акционерлеріне арналған бөлімде <https://www.kase.kz> акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірілмей дайын және қолжетімді болады..

Биржа акционерінің сұрауы болған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар сұрау алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жіберіледі, бұл ретте құжаттардың көшірмелерін дайындау және оларды жеткізу бойынша шығысты Биржа көтереді.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге қатысты қосымша ақпаратпен келесі телефон нөмірі бойынша хабарласып білуге болады: +7 (727) 237 53 43.

Осы хабарлама арқылы Биржа акционерлеріне акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібімен танысуды ұсынамыз.

Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Өзіңізбен бірге жеке басыңызды куәландыратын құжат болуы қажет. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге өкілеттігін растайтын сенімхатты немесе акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге не оның мүддесін білдіруге құқығын растайтын құжатты ұсынуға тиіс.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды айқындау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда жарияланған уақытта ашылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы жиналыс төрағасы мен хатшысын сайлайды, сондай-ақ дауыс беру нысанын – ашық немесе жасырын (бюллетеньдер арқылы) айқындайды.

Заңның 50-бабы 1-тармағына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру жағдайларын және акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқығы бар әрбір тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысын өткізу рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыс беру жағдайларын қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру "бір акция – бір дауыс" қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

Төрағаның күн тәртібіндегі мәселені талқылауға қатысуға құқығы бар тұлғалардың сөз сөйлеуіне, мұндай сөз сөйлеу акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкелетін немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, кедергі жасауға құқығы жоқ.

Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысында үзіліс жариялау және жұмыс мерзімін ұзарту, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселені қарауды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселе қаралып, олар бойынша шешім қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялануы мүмкін.

Заңның 52-бабы 1-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалады және қол қойылады.

Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы Заңның 35–37, 39–45, 47–48, 50–52-баптарына және Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен бекітілген (2015 жылғы 15 мамырдағы № 26 хаттама) Биржа Жарғысының 15-бабына сәйкес өткізіледі.

Биржа акционерлерін Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына қатысуға шақырамыз.